

Т.Я. Сәтбай*, Т. Жолдасұлы, А.Ж. Оразбақов

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail: dastan.satbai@mail.ru; aorazbakov1961@mail.ru; zholdassuly2018@gmail.com)

Қазақстан Жазушылар мен журналистер одағының мәдениет жүйесіндегі қызметі (1946-1970 жж.)

Қазақстанның мәдениет саласы шығармашылық одақтарының қызметі, кеңестік өркениет типінің қалыптасуы, дамуы тарихымен тығыз байланысты. Мақалада кеңестік мәдениет жүйесіндегі Жазушылар мен журналистер одағының қызметі қарастырылған. Кеңестік қатаң идеологиялық өктемдік жағдайында жұмыс істегеніне қарамастан Қазақстан жазушылары мен журналистерінің отандық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі сараланған. Қазақстан Жазушылар одағының жұмысына, әдеби шығармалардың сапасына, жазушылардың жеке мәдениетіне тоқталған, 1960-1970 жылдардағы оң үрдістер мен өзгерістер зерделенген және оларға баға берілген. Сонымен қатар қазақстандық «60-ші жылдықтар» феноменінің қалыптасуы, жекелеген өкілдердің шығармашылықтары таразыланған. Авторлар 1957-1970 жылдардағы Журналистер одағының жүргізген жұмыстарын зерттей келе, одақтың журналистердің бойына рухани құндылықтарды өркендетуге, шеберлікті жетілдіру, тәжірибе алмасуға, оны тарату сияқты шараларды жүргізгеніне және кәсіптік, саяси, мәдени деңгейін көтеруде атқарған жұмыстарына талдау жасаған.

Кілт сөздер: Қазақстанның шығармашылық одақтары, кеңестік мәдениет жүйесі, жазушылар, журналистер, қазақстандық «60-ші жылдықтар», көркемдік шеберлік.

Kipicne

Өткен ғасырдың 1940 жылдардың аяғы мен 1960 жылдардың соңындағы Қазақстан шығармашылық одақтарының жұмысы, оның ішінде Жазушылар мен журналистер одағының қызметі де кеңестік саяси жүйенің эволюциясымен, оның жоғарғы топтарындағы «сарай төңкерістерімен» тығыз байланысты болды. 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басында шығармашылық одақтардың жұмысына билеуші топтардың баса-көктеп араласуы күшейе түсті. Шығармашылық интеллигенция өкілдерінің көпшілігінің жеке басына, олардың отбасыларына нақты қауіп төнді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің аса ірі зұлматты зұлымдықтарының бірі сонда — жеке адам «кінәлі» болып табылған жағдайда «кінә» автоматты түрде оның бала-шағасына, туысқандарына, жақындарына, дос-жарандарына да таңылды.

Хрущевтік «жылымық» жылдарының «жемісі» Қазақстан Жазушылар одақтарының қызметінен де көрінді. Әсіресе, 1960 жылдардың басында қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерген, талантты шоғырлардың қазақ мәдениетіндегі орны ерекше еді. Соған қарамастан, 1960 жылдардың ортасынан бастап, мәдениет оның салаларына, құрылымдарына, шығармашылық одақтардың жұмысын басқарудың әміршілдік-әкімшілік әдістері қатая түсті. Шығармашылық одақтар өкілдерінің шығармашылық қызмет еркіндігіне шектеу қойыла бастады. Әдебиет пен өнердегі, партиялық, таптық көзқарас, социалистік реализмнің қатаң шарттары, оның өкімдерін сұрқайландырды, шын мәнісінде көркем өнердің туындылары «идеологиялық саяси өнімдерге» айналды. Көркем өнер шығармалары идеялық-саяси мазмұнымен ғана бағаланып, өлшенді. Көркемдік мәдениеттегі ілгері басушылық сапалық көрсеткіштермен емес, сандық көрсеткіштермен өлшеніп, басқа шығармашылық одақтар сияқты жазушылар мен журналистердің сан жағынан өсуі үнемі алға тартылып отырды. Осылайша, шығармашылық өнімнің көркемдік құндылығы екінші кезекке ығыстырылды. Мұның барлығы, өз кезегінде көркемдік құндылығы төмен кітаптарды, журналистік өнімдерді тудырды. Шығармашылық одақтардың жұмысына бюрократизм, бейімделушілік тән келіп, конформистік элементтерге орын берілді. Нәтижесінде 1960 жылдардың аяғына қарай «социалистік реализмнің» көркемдік өнімдерін халықтың тұтынуында дағдарыстық белгілер байқалып, қазақ тіліндегі кітаптардың кітап сөрелерінде жатып қалуынан, қазақ тіліндегі басылымдар санының таралымдарының азаюынан көрінді.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: dastan.satbai@mail.ru

Қазіргі уақытта Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, нағыз демократиялық-құқықтық мемлекет құруды, ұлттық мәдениетті өркендетуді және дүниежүзілік қоғамдастық пен интеграциялануды қолға алып жатқан тарихи тұста — көркем интеллигенциямен шығармашылық одақтардың орнын айқындаудың, олардың қоғамның рухани сауығуындағы рөлін бағалаудың маңызы зор. Бұл шығармашылық одақтардың, тоталитаризм жылдары жүріп өткен соқпақты жылдарына объективті түрде ғылыми талдау жұмыстарын жүргізгенде ғана мүмкін. Шығармашылық одақтардың кеңестік «тар жол тайғақ кешу» кезеңін жаңаша ғылыми ой елегінен өткізу — әдебиет пен өнердегі күні өткен стереотиптерден, тұжырымдамалардан, нобайлардан тезірек арылуға да мүмкіндік береді. Мақала архив материалдары негізінде жазылды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының барысында автор ғылыми танымның негізгі ұстанымдары — объективтілік, жүйелілік, детерменизм мен тарихилық принциптеріне арқа сүйеді. Объективтілік деректердің аясын кеңейту, зерттеу объектісіне қатысты жаңа дәйектерді ғылыми айналымға түсіру қазіргі кездегі Қазақстан тарихшыларының әр түрлі тұжырымдамалары мен көзқарастарын ескеру арқылы жүзеге асырылды. Тарихилық принципіне сүйене отырып, оқиғалар мен материалдар хронологиялық реттілікпен берілді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің эволюциясына сәйкес келетін көркем интеллигенция мен шығармашылық одақтардың тарихындағы кезеңдер бөлініп қаралды. Детерменизм мен кешенділік принципін ұстана отырып, көркем интеллигенцияға қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі әлеуметтік, экономикалық, мәдени бағыттарын анықтауға мүмкіндік алынды. Сондай-ақ зерттеу жұмысының барысында заманауи тарих, әдебиет, философия және мәдениеттану ғылымдарының жетістіктері пайдаланылды.

Нәтижелері және оларды талқылау

Қазақстан Жазушылары мен журналистер одағының қызметі мен шығармашылығын зерттеуге, ең бірінші кезекте әрбір саланың өз өкілдері атсалысып, өз үлестерін қосты. 1977 ж. Г. Ыдырысовтың «Баспасөз өмір айнасы» атты кітабы жарыққа шығып, журналистік шығармашылық пен қызметтің кеңес жағдайындағы қыры мен сыры жөнінде сыр бөліссе, 1981 ж. Қ. Бекқожиннің «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі» атты жазылған еңбегінде отандық журналистика тарихы қамтылды. Кеңестік Қазақстан жағдайында жарыққа шыққандығына қарамастан журналистік шығармашылық ерекшеліктерінен хабардар етті. 1992 жылы «Дәуір» баспасынан жарыққа шыққан Б. Тілегеновтің «Тұнық өмірдің құпиясы» роман-толғауында (айтылмай келген шындық) Қазақстан Жазушылар одағының күнделікті өмірі мен шығармашылық қызметіне қатысты құнды мәліметтерді кездестіреміз. Л.Я. Гуревичтің 1993 жылғы «Интеллигенция Казахстана и политика тоталитарного государства в сфере науки и высшего образования (1946-1985 гг.)» атты докторлық диссертациясынан да осы мәдениет тақырыбына қатысты ой тұжырымдар жасалады.

Ал 1994 жылы З. Дүкенбаеваның «Қазақстан шығармашылық одақтары және оның Қазақстан халқының мәдениетін дамытудағы рөлі (1920-30 жж.)» атты қорғаған кандидаттық диссертациясында да тақырыпқа қатысты құнды зерттеулер бар. Сондай-ақ 2019 жылы қорғалған Ә.М. Коскееваның «Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының еңбектеріндегі ұлт мәселесі (1956-1991)» атты докторлық диссертациясында да мәдениет саласы туралы айтылған. Дегенмен мұндай мақалалар мен зерттеулерде қазақ көркем өнері туралы жаңа құнды пікірлердің болғандығына қарамастан, Қазақстан Жазушылары мен журналистер одағының шығармашылығы мен қызметі арнайы қарастырылмайды.

Белгілі бір қоғамның әлеуметтік-экономикалық саяси жүйесіне оның мәдени жүйесі сәйкес келеді. Мәдениеттің әлеуметтік-саяси өмірмен, қоғам мүшелерінің жеке өмірінің барлық қатпарларын қамтушылық әмбебаптық қасиеті, оны белгілі бір жүйеде қарауды талап етеді. Мәдениеттің жүйесі, құрылымы негізгі компоненттері жөніндегі ғылыми әдебиеттерде көптеген көзқарастар мен концепциялар қалыптасты [1; 31]. Көркемдік өнерге, мәдениетке деген әр түрлі ғылыми бағыттардың болғандығына қарамастан, олар негізінен біріне-бірі қайшы келмей, бірін-бірін қайта керісінше толықтырып отырады. Белгілі мәдениет зерттеушісі Н.А. Лукин «Көркемдік мәдениетті — қоғам жасаған көркемдік құндылықтардың жиынтығы, сонымен қатар оларды жасауы, жаратуы және қабылдауы, қоғамның және әрбір жеке адамның меңгеруі құрайды» [2; 22] десе, зерттеуші В.В. Журавлев «Көркемдік мәдениет — бұл өнерді өндіру мәдениеті, оны тарату, насихаттау мәдениеті, оны қабылдау, түсіну мәдениеті, ләззат алу мәдениеті, оған қоса эстетикалық тәрбие беру мәдениеті. Егер көркемдік

өмір — қоғам өмірінің негізгі салаларының бірі болса, көркемдік мәдениет рухани мәдениеттің басты салаларының бірі», – деп анықтама береді [3; 24].

Ғылыми әдебиеттерде көркемдік мәдениетті жүйелеудің әр түрлі нұсқалары туралы жазылған. Мысалы, М.С. Каган көркемдік мәдениеттің төрт негізгі компонентіне айрықша назар аударды. Олар: көркемдік өндіріс, көркемдік тұтыну, көркемдік сын және өнер туралы ғылым [4; 180]. Біз авторлардың барлық компоненттері мен толықтыруларын қабылдай отырып, бұл мәселеге диалектикалық екі полюс тұрғысынан қараған болар едік. Олар көркемдік әдеби өндіріс пен оның субъектілері және көркемдік тұтыну мен оның субъектілері. Бұлардың қатарында көркем мәдениет туындыларын репродукциялаудың айрықша орын алатындығын ескерген жөн.

Мәдениет жүйесінің қалған компоненттері объективті түрде осы негізгі компоненттердің қосымша құрамдас бөліктерін құрайды. Сондықтан, мәдениет жүйесінің осы екі полюсі тұрғысынан Жазушылар мен журналистер одағының жұмысына зерттеу жүргізу — алдымызға қойып отырған міндетімізді шешуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның мәдениет жүйесі шығармашылық одақтарының қызметімен, кеңестік өркениет типінің қалыптасуымен, даму тарихымен тығыз байланысты. «Жалпы адамзаттық» принциптерді ұстанған қазақ жазушыларының аға ұрпағы, 1930 жылдардағы «қызыл террордың» құрбаны болды да, жазушылардың келесі ұрпағының көзқарасы «таптық» рухта қалыптасты. 1946-1970 жылдардағы қазақ жазушылары типтік-таптық мәдениеттің өкілдері болды. Осы ұрпақтың өкілі С. Мұқанов өзінің көзқарасын былайша білдіреді:

*Бесіктен-ақ маған тап белгі таққан,
Тапты шаққан — бесікте мені шаққан,
Сап сары ала, сап сасық жөргекте де
«Іңгә» орнына үілдеп «тап» деп жатқам* [5; 7].

Бұл ұрпақтың өкілдері аға ұрпақтың өкілдеріне қарағанда кеңестік эксперименттерге сын көзімен қарай алмады. Қазақстан Жазушылары одағында, оның жекеленген мүшелерінің шығармашылығында, әсіресе 1946-1960 жылдары «ішкі эмиграцияның», қандайда бір болмысын ішкі оппозициялық сарынның байқалмау мұны айқын көрсетті.

Рухани өндірістің бір саласы әдеби процесті ұйымдастыруда Қазақстан Жазушылары одағы үлкен рөл атқарды. 1946-1953 жылдары Жазушылар одағының мәдениет жүйесіндегі орны мен қызметі кеңес қоғамының талаптарымен жүзеге асырылды. КОКП Орталық Комитеті мен Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің қаулы-қарарлары, орталық басылым «Правда» газетіне шыққан шығармашылыққа қатысты мақалалар президиум отырыстарында, жалпы жиналыстарда қызу талқыланып отырды. Шығармашылық секторларда жаңа әдеби туындылар талқыға салынды.

Жаңа әдеби туындылар негізінен партиялық қаулы-қарарлар рухында және кеңестік көркем әдебиетке деген методологиялық «социалистік реализм» принциптері тұрғысынан талданды. Дүниежүзілік әдебиеттің аса маңызды жетістіктері романтикалық және сыншыл реализмнен — «социалистік реализм» принципі бөлініп алынды. Сыншыл реализм сыни ойлауды, белгілі бір дәрежеде нақты қоғамға оппозициялық көңіл-күйді талап етсе, социалистік реализм шын мәнісінде әдеби процесті белгілі бір саяси мүдделерге бағынуды, жалпы саяси ағыспен жүріп отыруды талап етті. Социалистік реализмнің негізгі өлшемдері әдебиеттің партиялылығы, таптығы және халықтығы болып, «түрі ұлттық — мазмұны социалистік» мәдениеттің қалыптасуына қызмет етуге тиісті болды. Мұндай қатаң талаптар Жазушылар одағының жұмысын күрделендірді.

1946 жылдың 10 қыркүйегінде Жазушылар одағы президиумының мәжілісінде одақтың баспа органы «Әдебиет және искусство» журналы жөнінде мәселе қаралды. Мәжілісте журналдың әдеби қызметі талқыланып, кемшіліктері көрсетілді. Әсіресе, одақ мүшелері «кейбір жолдастардың партияның қаулыларын теріс мақсатта пайдаланғысы келетіндігіне» назар аударды. Ақын Қ. Аманжолов «егер менің «Домбырам» саяси қате болатын болса, онда ешқандай тақырыпты қозғауға болмайды» [6; 47] деуі көркем шығармалардың, ең бірінші кезекте саяси тұрғыда қаралуының үрдіске ене бастағандығын көрсеткен еді.

1946 жылдың 8 қазанында Жазушылар одағының партия ұйымы 1946 жылдың 30 қыркүйегінде «Правда» газетінде жарияланған П. Кузнецовтің «Идеясыздық пен мамыражайлық атмосферасында» атты мақаласын талқылауды ұйымдастырды. Мақалада негізінен шығармашылық одақтардың қызметіндегі «идеясыз» туындылардың белең алғандығы айтылған еді. Жиналыс мақаланы талқылай отырып, «Әдебиет және искусство» журналының жұмысындағы мамыражайлыққа тоқталды. «Қазіргі заман» тақырыбына жазылған шығармалардың аздығы, тарихи тақырыпқа жазылған шығармалардың

көп басылуы тілге тиек болды. Жиналыстың қаулысымен «Әдебиет және искусство» журналын шығаруда жіберген дөрекі саяси қателіктері үшін Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінен журналдың редакторы Ғ. Мұстафинді қызметінен алып, редколлегия құрамын қайта қарау сұралды» [6; 76]. Көп ұзамай редактор қызметінен босатылды.

1947 жылдың 2 сәуіріндегі «1946 жылдың әдеби қорытындысына арналған» пленум мәжілісінде КСРО Жазушылары одағы өкілдерінің қатысуын пайдаланып, Қазақстан Жазушылары одақ жұмысының материалдық базасын жақсарту проблемаларын қозғады. Алайда мәскеулік өкіл И. Мартыновтың: «Мақұл, солай-ақ болсын, ақындар секциясының меңгерушісі 500 сом алсын, тіпті 1500 немесе 2000-3000 сом алсын дейік, бірақ одан не өзгереді?», - деуі [7; 24], бұл мәселенің қолдау таппағандығын көрсетті. Сондай-ақ, 1947 жылдың 23 қазанында өткен «Жас жазушылардың шығармашылығына арналған кеңесте», жас авторлардың шығармалары талқылана отырып, олар «ұлтшылдықпен», «бисаясаттықтан» сақтандырылды.

Жазушылар одағы өзінің президиум отырыстарында облыстық бөлімшелердің шығармашылығын да талқылады. 1948 жылдың 26 қарашасындағы Басқарма кеңесінде облыстық бөлімшелердің жұмысы арнайы қаралды. Кеңесте облыстық бөлімшелердің жұмысын жақсартудың шаралары белгіленді.

1940 жылдардағы Қазақстан жазушыларының өміріндегі үлкен оқиға — 1949 жылдың май айында өткізілген қазақ кеңес әдебиетінің Мәскеудегі 10 күндігі еді. Бұл жылдары Жазушылар одағының ұйымдастыруымен Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ» және «Миллионер», Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», С. Мұқановтың «Ботакөзі» және М. Әуезовтің «Абай» шығармалары орыс тіліне аударылды. Алдыңғы қатарлы деп табылған қазақ романдарының орыс тіліне аударылуы, қазақ әдебиетінің жетістіктері еді.

1950 жылдардың басында кеңестік жүйенің Жазушылар одағының шығармашылығына қойған талап-тілектері ұлғая түсті. 1951 жылы Жазушылар одағының V Пленумының күн тәртібінде: «Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің VIII Пленумы қаулыларының орындалуы барысы және Қазақстан КП(б) V съезінің көркем әдебиет салалары бойынша қаулысының жүзеге асырылуы шаралары туралы» мәселесі тұрды.

Одақтың хатшысы Қ. Жармағанбетовтың баяндамасында «Қазақ кеңес әдебиетшілерінің сөзсіз табыстарымен қатар көлеңкелі жақтарының барлығы, ең бірінші кезекте ол жекеленген жазушылар мен әдебиетшілердің шығармашылығында көрініс берген ұлтшылдық сипаттағы бұрмалаушылықтармен айқындалатындығы» [8;5] айтылды. «Ұлтшылдық бұрмалаушылықтар» М. Әуезовтің «Абай» романында — «феодалдық өткенді дәріптегені» және «тап күресінің орнына рулық тартысты бейнеленгендігі, Ә. Тәжібаевтің «Біз қазақтар» пьесасында — қазақ халқының өміріндегі «Ұлы Қазан төңкерісінің», «Ұлы Ленин-Сталин партиясының» рөлі ашылмағандығы айтылған.

Пленумның қаулысымен жақын арада Жазушылар одағының жалпы жиналысында мынадай мәселелерді арнайы қарауға шешім қабылдады:

1. Қазіргі орыс жазушыларының шығармашылығындағы партия қызметтерінің образы және бұл тақырыптың қазақ кеңес әдебиетіндегі жағдайы туралы.

2. Қазақ кеңес әдебиетіндегі кеңес жастарының образы туралы.

3. Қазақ кеңес поэзиясындағы Ленин мен Сталиннің образы туралы және т.б.

Баяндама жазушыларды ұлтшылдықтың, пантүрікшілдіктің, «өнер өнер үшін» дейтін жалған теорияның қандайда бір болмасын көріністеріне, чекистердей қырағы болуға шақырды» [8; 36-37]. 1952 жылы Қазақстан жазушыларының қызметі КОКП-ның XIX съезін лайықты табыстармен қарсы алумен белгіленді. Осы жылы Жазушылар одағында «КОКП-ның XIX съезіне дайындық жұмыстарына арналған» жалпы жиналыс өткізілді. Жиналыс «әрбір жазушының өз шығармашылық жоспарын партияның XIX съезінің құрметіне лайықтап қайта қарауға» шешім қабылдады. Басқарма мүшесі Ә. Әбішевтің айтуынша «осы партиямыздың XIX съезіне арнап өлең жазу үшін 15 ақынға тапсырыс берілді» [9; 3].

1953 жылдың 9 қаңтарындағы Президиум мәжілісінің хаттамасымен «Әдебиет және искусство» журналының аты өзгертіліп, одан әрі қарай «Жұлдыз» журналы деп аталатын болды. 1953 жылдың 30 қаңтарында «Правда» газетінде «Сын орнына қошеметтеу» атты мақаланың шығуына орай, Жазушылар одағында 23 ақпанда талқылау ұйымдастырылды. Мақалада С. Мұқановтың шығармашылығы жайлы жазған Т. Нұртазиннің, М. Әуезовтің шығармашылығы жайлы жазған мәскеулік сыншы З. Кедринаның кітаптары сыналды. Кітаптың авторы З. Кедрин болса да М. Әуезовке оңай болған жоқ. Оған қарсы айтылған негізгі кінә бұрынғысынша «тап күресінің орнына, рулық тартысты» су-

реттегені болды. Талқылануда сөйлеген жазушылардың пікірінше, екі кітапшаның шығуына себепші болған, негізінен Жазушылар одағындағы «топшылық», «жершілдік» болып табылды. Бұл әсіресе, ақын Т. Жароковтың, жазушы А. Хангельдиннің сөздерінде нақты айтылды [10; 11-12, 17-18]. Қазақстан Жазушылары одағындағы саяси климат одан әрі шиеленісе түскен. Алайда, 1953 жылы Сталиннің қайтыс болуы және 1954 жылғы республика басшылығындағы өзгерістер жағдайды бәсеңдетті.

1954 жылғы Қазақстан Жазушылары одағының VII Пленумы «Тың және тыңайған жерлерді игеруге» арналды. Пленумның шешімдеріне сәйкес, Қазақстан Жазушылар одағы әдеби процесті ұйымдастыруға атсалысты. Одақтың «іс-сапарларымен көптеген жазушылар «Тың және тыңайған жерлерге» жіберілді.

1950 жылдың екінші жартысында Қазақстан Жазушылар одағының қызметі, бұрынғы жылдармен салыстырғанда қомақты болды. КОКП-ның XX съезінің шешімдері шығармашылық қызметті жандандыруға қолайлы жағдай жасады. 1930 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, Б. Майлиннің есімдері қайта қалпына келтірілді. Бірақ бұл іс соңына дейін апарылмады. 1958 жылы КСРО Бас прокуратурасынан Ш. Құдайбердіұлының кінәсінің дәлелденбегені себепті ісі тоқтатылатындығы туралы ресми ақталған жауап келгеніне қарамастан, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, әсіресе Ш. Құдайбердіұлының есімін қайта қалпына келтіруде табандылық көрсете алмады. Тіпті, бұл жұмысқа беделді башқұрт жазушысы С. Құдаштың тартылуына қарамастан іс нәтижесіз аяқталды. Басты кедергі саяси жүйе мен құрылымдары, Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті болды [11; 4].

1955 жылы жазушы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын аяқтауы, тек қаламгердің ғана емес Жазушылар одағының ірі табысы еді. Роман-эпопея Одақ көлемінде ғана емес, шетелдерде де танымал болды. Неміс жазушысы А. Курелланың айтуынша, «Мұның өзі ғажап, бұл таңқаларлық жай. Дала дүр сілкінгендей, өзінің баз-қалпындағы табиғат тамашасымен, өзінің болмыс пішінімен, кесек мінезімен сіздерді баурап алады. Шекспирдің жазғанынан кем түспейтін құштарлықтар қандай. Заманның леп тынысы қандай ғылыми зерттеудегіден болсын анық берілген. Ал поэзия қандай. Проза түрінде басылған бұл көлемді екі томдық кітапта бірде-бір прозалық жол жоқ» [12; 96].

Жазушылар одағының 1950 жылдардағы ірі жетістігі Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Х. Есжановтың «Ақ Жайық», Б. Момышұлының «Артымызда Москва», Т. Ақтановтың «Қаһарлы күндер» романдары еді.

1950 жылдардағы шығармашылық одақтың қызметі орыс, ұйғыр, корей, неміс жазушыларының шығармашылық белсенділігінің одан әрі күшеюімен сипатталады. И. Шухов, Н. Анов, М. Зверев, Д. Снегин, А. Ананьев, И. Шеголихин және басқалары көлемді романдар жазып, 1953 жылы ұйғыр жазушыларының «Алғашқы қадамдар» атты жинағы шығарылды. Ким Кван Хен бастаған корей жазушыларының бір тобы белсенділік танытты. Осы кезеңде Жазушылар одағының өміріндегі айтулы оқиғалардың бірі — М. Әуезов бастаған Қазақстан жазушыларының 1958 жылы Ташкент қаласындағы Азия-Африка жазушыларының конференциясына қатысуы болды.

Қазақстан Жазушылар одағының жұмысына, әдеби шығармалардың сапасына, жазушылардың жеке мәдениетіне зер сала келе, 1960-1970 жылдардағы жұмыстарынан оң өзгерістерді байқауға болады. Кеңестік жүйенің 1937-1938 және 1946-1953 жылдардағы «қанды эксперименттері» мінездерінің, дүниетанымының қалыптасуына тағдырлы әсер еткен жазушылардың аға ұрпағына қарағанда, көзқарастары жаңа жағдайларда «жылымық» жылдары қалыптасқан жазушылардың жаңа ұрпағы — «60-ші жылдықтар» бұл жылдары белсенділік танытты. Осы жылдары өндірте жазған И. Есенберлин, жаңа буынның өкілдері О. Сүлейменов, Ә. Әлімжанов, Қ. Мырзалиев, М. Мақатаев, Т. Айбергенов, Т. Молдағалиев, С. Жүнісов, Ә. Кекілбаев әдебиетке үлкен кәсіптік дайындықпен келді. Олардың жеке мәдениеті өзіне дейінгілерге қарағанда оқ бойы озық тұрды. Аға ұрпақтың өкілдеріне саяси бағытқа сәйкес, шығармаларын «түлетіп» отыру тән болса, жаңа буынның өкілдеріне мейлінше тұрақтылық тән болды. Кеңестік идеологиялық қатпарлар бұл авторлардың шығармаларында да орын алғанымен, олардың туындыларында «социалистік реализмнің», саяси жүйенің шарттылықтары қатаң сақталған жоқ.

«Тың және тыңайған жерлерді игеру», «Социалистік индустрияландыру» сияқты науқандардың салдарынан республикадағы этно-демографиялық ахуалдың өзгеруі, қазақ тілінің қолдану аясының тарылуы, қазақ мектептерінің жаппай жабыла бастауы «60-70 жылдары біржолата қалыптасуы аяқталған» [13; 83-87] қазақ интеллигенциясы тарапынан бір жақты қабылданған жоқ. Осындай жағдайда ақын О. Сүлейменовтің азаматтық кредосы «Аласартпай тауларды, асқақтатсам даламды» болды. Шығармаларын орыс тілінде жазған ақынның «Адамға табын жер енді» поэмасы 1961 жылы оны

қысқа мерзімнің ішінде Одақ көлеміне, одан қалды әлемге танымал етті. Оның қазақ әдебиеті үшін принциптік маңызы болды, өйткені оған дейінгі қазақ жазушыларының алды М. Әуезовке Одақ көлеміне танымал болуы үшін 30 жылдан астам уақыт керек болған еді.

1963 жылдың 9 тамызында Жазушылар одағының V Пленумы «КОКП Орталық Комитетінің маусым (1963) пленумының шешіміне сәйкес, Қазақстан Жазушылары ұйымдарының міндеттерін» талқылады. Пленум дәстүр бойынша «Тарихи романдардың көбейіп кеткендігін», қазіргі заман тақырыбының қалып қойғандығын айрықша мін ретінде атап көрсетті. Алайда, пленумда сөйлеген О. Сүлейменов пен Ә. Әлімжановтың сөздері ресми бағытқа қарсылық еді. О. Сүлейменовтің «Жазушыларды керісінше, тарихи тақырыпқа аз жазатындығы үшін сөгу керек» [14; 38] деуі мұны айқын білдірді. Шығармашылық чиновниктерінің сөгілуіне қарамастан И. Есенберлин, Ә. Әлімжанов, Ә. Кекілбаев тарихи тақырыпта өндірте жаза берді. Кейбір әріптестері ғылыми ортада танымал болғаны үшін және тегі еврей болған соң да, ұната қоймайтын (жасырын антисемитизм) белгілі әдебиетші, ғалым Александр Жовтис 1960 жылдары мүмкіндігін пайдаланып, тыйым салынған ақын Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін «Простор» журналына орыс тілінде жариялап жібереді. Сөйтіп әп-сәтте «қазақ ұлтшылдығы» деген айыппен университеттен жұмыстан шығарылады. Бір қызығы, оның 1970 жылдары докторлық диссертация қорғауының өзі осы себептермен шығалаңды оқиғаға айналады. Артында шаласы бар ғалымның оппоненттерінің көп болғандығы сондай, оны Қазақстанның ғана емес, Мәскеу, Фрунзе (Бішкек), Ташкент, Ашхабад, Душанбе қалаларының Диссертациялық кеңестерінде қорғау мүмкін болмады. Амалы құрыған ғалым Киев университетінде қорғауға мүмкіндік табады. Алайда ғылыми жұмысты қорғау рәсімі бойынша оның жетекші ұйымы болуы керек. Қазақстанда бірде-бір ғылыми мекеме оған жетекші ұйым болуға келіспейді. Тығырыққа тірелген ғалым ақын Олжас Сүлейменовтен қолдау сұрап барады. О. Сүлейменов жетекші ұйымның пікірін Қазақстан Жазушылар одағының атынан алып береді. Киевтегі Диссертациялық кеңеске жетекші ұйымның пікірін тапсырғанда, олар таңғалған екен: «О заманда, бұ заман жетекші ұйымнан пікір алған диссертантты көргеніміз жоқ» деген көрінеді.

1960 жылдардың ортасына қарай қатаң «социалистік реализм» дәстүрлерінде жазылған шығармалардың оқырмандар арасында беделінің төмендегені байқалды. 60-жылдардың II жартысындағы Жазушылар одағының қызметі кеңестік талаптардың арнасында жүрді. 1965 жылдың 12 маусымындағы Одақтың пленум: «Ұлы Қазан революциясының 50 жылдығына және И.В. Лениннің туғанына 100 жыл толуына дайындық туралы» мәселені қарап, жазушылардың шығармашылығын осы тақырыптарға бұруға кеңестер берді. 1966 жылдың мамыр айында өткен Жазушылар одағының съезінде бұл мәселе негізгі әңгіме арқауы болды.

1966 жылдың 9 маусымында Президиум отырысында «Украина әдебиетінің Қазақстандағы 10 күндігіне дайындық мәселелері» қаралды. Қазақстан Жазушылар одағы 10 күндіктің қарсаңында көптеген украин авторларының шығармаларын қазақ тіліне аударуды ұйымдастырды. Осы 1966-1967 жылдары Қазақстан жазушыларының одақтас республикалардың жазушылар ұйымымен байланысы күшейе түсті. Бұл Жазушылар одағы өкілдерінің одақтас республикалардағы әріптестерінің съездеріне тұрақты қатысып отыруымен, 10 күндіктердің жиі өткізілуінен көрінді.

Жазушылар одағының 1968 жылға арналған пленумдарында «М. Горькийдің 100 жылдығына арналған мүшел тойлық іс-шаралар», «Қазақ балалар мен жасөспірімдер әдебиетінің жағдайы» мәселелері арнайы қаралған. Осы жылы Қазақстан жас драматургтерінің семинары өткізіліп, жас драматургтердің тәжірибе алмасуы ұйымдастырылды. Жас жазушылардың шығармашылығын жаңа деңгейге көтеруде 1969 жылдың 2 сәуірінде өткізілген «Жас жазушылардың шығармашылығына» арналған Одақтың VII пленумының маңызы зор болды.

1960 жылдардағы Жазушылар одағының ірі жетістіктерінің бірі — жазушы Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының бірқатар еуропалық тілдерге аударылуы, қаламгер Ә. Әлімжановтың Халықаралық Дж. Неру атындағы әдеби сыйлықтың иегері атануы болды. Ұйғыр кеңес поэзиясы антологиясының шығарылуы да Одақ табыстарының бірі еді. 1969 жылы жарыққа шыққан ақын О. Сүлейменовтің «Қыш кітабы» да тез арада танымал болып, қазақ әдебиетінің беделін өсіре түсті. 1960-1970 жылдардағы қазақ әдебиетінің басты жетістіктерінің бірі «социалистік реализмнің» классикалық өкілдеріне қарағанда, жаңа буынның шығармалары қазақ кеңес әдебиетінің сапасын жақсартуға қомақты үлес қосты.

1946-1970 жылдары Жазушылар одағының мүшелері тек таза әдеби шығармалар жазумен ғана емес, қазақ ауыз әдебиетінің мұраларын зерттеуде де көптеген игі істердің басы-қасында болды. Қазақ әдебиетінің мұраларын зерттеуде, әсіресе, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, М. Ғабдуллин, Ә. Тәжібаев,

С. Мұқанов т.б. көп еңбек сіңірді. М. Мағауин қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдан емес, әріден бастауға үлес қосты.

1946-1970 жылдары кеңестік жүйеде әдеби шығармаларды халықтың игілігіне айналдыруда, яғни оқырмандардың тұтынуын ұйымдастыруда көптеген жұмыстар атқарылды. Жаппай сауаттылық, жалпыға бірдей тегін білім беру жүйесі — халықтың әлемдік әдебиетті тұтынуына жол ашты. Көркемдік құндылықтарды тұтынудың салалары кеңейтіліп, барлық әлеуметтік топтардың әдеби қажеттеріне жағдайлар жасалды. Бұл кеңестік өркениет типінің мәдениет жүйесіндегі сөзсіз жетістіктерін құрады. Бұл бағытта Қазақстан Жазушылары одағы да көптеген игі істерді атқарды. Одақ мүшелері өздерінің оқырмандарымен тұрақты кездесулер, оқырмандар конференцияларын ұйымдастырды. Студенттермен тұрақты кездесулер өткізу — оқырмандармен жұмыстың танымал үлгісі болды.

Ақындар мен жазушылардың республиканың аймақтарына, облыстарына, аудандары мен ауылдарына жол сапарларға шығуы, ел аралауы еңбек ұжымдарымен кездесуі үрдіске айналды. Облыстарда қазақ әдебиетінің күндері өткізіліп тұрды. Мұндай шаралардың оқырмандарды әдебиетке тартуда, талғамын қалыптастыруда оң нәтижелері болды. Алайда, «социалистік реализм» шеберханаларынан шыққан әдеби өнімдердің ішінде сұрғылт туындылар басым еді. 1960-1970 жылдары қазақ тілінде шыққан кітаптардың дүкен сөрелерінде жатып қалуы жиі кездесті. Жазушылардың суреттеу объектісі болған республика халқының өздері туралы жазылған шығармаларға ықыласының төмендеуі тенденциясы байқалды. 1946-1970 жылдары қазақ кеңес әдебиетінде күрделі процестер жүрді. Бір жағынан, әдебиеттің сұрғылттануы байқалып, тұтынушылары арасында беделі төмендей бастаса, екінші жағынан жекеленген тұлғалар қазақ әдебиетін ілгерлете берді.

Мәдениет жүйесінде ақпарат қызметкерлері ретінде журналистік қызметтің орны ерекше. Әлемдік журналистік практика көрсеткеніндей, еркін қоғамдарда журналистердің қызметі қоғамға, қоғамдық пікірлерді қалыптастыруға бағдарланады. Қоғамдық пікірді қалыптастыруға бағдарлану, журналистерді объективті түрде өкімет пен мемлекетке белгілі бір оппозицияда болуды талап етеді. Сондықтан, қоғамдық пікірлерді қалыптастырудағы журналистердің рөлі өркениетті елдерде мойындалып, оған бейресми «төртінші билік» статусы берілген.

Кеңестік тоталитаризмнің мәдениет жүйесінде Қазақстан Журналистер одағы объективті түрде өзінің мұндай табиғи функцияларын атқара алмады. Кеңес журналистерінің қызметі керісінше, мемлекеттік пікірді, қоғамдық пікірде орнықтыруға бағытталды. 1957 жылы құрылған Қазақстан Журналистер одағы — кеңес баспасөзінің, баспа орындарының, радио мен ақпарат құралдарының қызметін кеңестік жүйе шеңберінде жандандыру үшін құрылды. Жаңадан құрылған шығармашылық ұйым журналистердің кәсіптік шеберліктерін жетілдіру, озық журналистік тәжірибелерді тарату, кемшіліктермен күресу сияқты толып жатқан міндеттерді шешуге тиісті болды.

1957-1959 жылдары Одақтың негізгі қызметі — ұйымдастырушылық жұмыстарды жолға қоюға бағытталды. 1957 жылдың 20 қыркүйегінде Журналистер одағы ұйымдастыру бюросының мүшелері: К. Шариповтың («Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы), А. Жакетова («Қазақстан әйелдері» журналының редакторы), Ж. Алтайбаев (ҚазТАГ басшысы), А. Гринберг (ҚазМУ-дың кеңес баспасөзі кафедрасының меңгерушісі), Х. Мустафин (Министрлер Кеңесі жанындағы Радио мен теледидар ақпараттарын тарату жөніндегі комитет төрағасы) және журналист А. Бектемісов — өздерінің бірінші мәжілісін өткізді. Күн тәртібінде бір ғана ұйымдық мәселе болды. Мәжілістің қаулысымен ұйымдастыру бюросының жұмысын жандандыруға, ол үшін республика қауымын ұйымдастыру бюросының құрылғандығынан хабардар етуге, Одақтың міндеттері туралы мақалалардың баспасөз беттеріне жиі басылуына, Одаққа мүше болып қабылданудың шарттарын түсіндіру мақсатында облыс орталықтарына ұйымдастыру бюросының мүшелерін іс-сапарларға жіберуге шешім қабылдады. Мәжілісте Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің «Печать Казахстана» газетін Журналистер одағының органы етіп қайта құру, Жазушылар одағының үйінен журналистер ұйымына мекенжай беру сұралды. Алайда, ұйымдастыру бюросының мұндай талаптары шешімін тапқан жоқ, өйткені жаңадан құрылған ұйым тұрмақ, бұрыннан келе жатқан шығармашылық ұйымдарға да мекенжайлар табылмай жатты.

1957 жылдың 16 қарашасындағы ұйымдастыру бюросының мәжілісінде Одаққа мүшелікке қабылдаудың жай-жапсары, ұйымдастыру бюросының жауапты хатшысын сайлау, шығармашылық секциялар құру, олардың жұмыс жоспарлары туралы мәселелер қаралды. Мәжілістің хаттамасымен 6 шығармашылық комиссия құрылды. Халықаралық және ішкі байланыстар жөніндегі комиссияның төрағалығына Ж. Алтайбаев, баспа жөніндегі комиссияның төрағалығына А. Тойғанбаев (Мәдениет министрлігінің Баспа және полиграфия өнеркәсібі бас басқармасының бастығы), очерк жөніндегі комиссия төрағалығына А.П. Кьяница (Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Жоғарғы

партия мектебінің журналистика кафедрасының меңгерушісі), фельетон жөніндегі комиссиясының төрағалығына П. Штабнов («Казахстанская правда» газеті редакторының орынбасары), публицистика жөніндегі комиссияның төрағалығына А. Гринберг, репортаж жөніндегі комиссияның төрағалығына — Ғ.Мұстафин, Одақтың жауапты хатшылығына А. Гринберг сайланды.

1957-1958 жылдары ұйымдастыру бюросының басшылары Одақтың материалдық базасын құру мақсатында Қазақстан Компартия Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесіне үнемі хаттар жазып, штаттық кесте белгілеуді, қажетті мекенжайды бөлуді сұрап отырды. Нәтижесінде Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің 1958 жылдың 29 қазанындағы № 1901 жарлығымен Одаққа штаттық кесте бойынша 1,5 ставкалық орын берілді [15; 3-4]. Жауапты хатшы жарты ставкамен, хатшы-машинистка толық ставкада жұмыс істей бастады. Мекенжай мәселесі шешімін таппады. Бүкілодақтық журналистер ұйымымен де тұрақты байланыстар жүріп, қажетті құжаттар, нұсқаулар мүшелік билеттер алынып жатты. Шығармашылық комиссиялар жұмысы да жолға қойыла бастады. Әрбір комиссия өз жанрлары бойынша республикалық, облыстық газеттерге шыққан материалдарды талдауды ұйымдастырды. Әсіресе, очерк және публицистика жөніндегі комиссиялардың жұмысы нәтижелі болды.

Очерк жөніндегі комиссия 1958 жылы республиканың басылымдарына жарияланған, партия ұйымдарының миллиард пұт астық жолындағы күресі тақырыбына арналған таңдаулы очерктерді іріктеп шығаруды ұйымдастырды. Комиссияның жетекшілігімен 1959 жылы «Қазақстан жетіжылдығының жылнамасы. 1959 жыл» атты таңдаулы очерктер жинағы қазақ-орыс тілінде шығарылды. Осы жылы публицистика комиссиясының отырыстарында «Бізге жауынгерлік партиялық публицистика керек» атты баяндама, «Қазақ әдебиеті» мен «Лениншіл жас» газеттеріндегі публицистикалық мақалаларға шолулар қарастырылған. Фельетон жөніндегі комиссияда «Астық жинау науқанындағы фельетонист», «Біздің фельетондарымыздың тақырыптары», баспа жөніндегі комиссияда баспа шығарған жекеленген кітаптар мен КОКП тарихы оқулығының аударма сапасы, қазақ күнтізбесін шығару т.б. талқыланды.

1959 жылы комиссиялардың саны өсе түсіп, аударма, журналистердің білімін көтеру жөніндегі комиссиялар құрылды. Репортаж жөніндегі комиссия кеңейтіліп, фоторепортаж комиссиясы деп атала бастады. Оның отырыстарында «Қазақстанға 40 жыл» тақырыбына фотокөрме дайындау, фотожурналист П.Я. Редконың шығармашылық кездесуін өткізу, фотожурналистердің бір тобы «Правда» газетінің редакциясына іссапармен жіберу т.б. мәселелер талқыланды [16; 4-5, 17; 31-33].

1959 жылдың наурызында шақырылған Қазақстан Журналистері одағының I съезі бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің өміріндегі үлкен оқиға болды. Бұл Қазақстан журналистерінің тұңғыш форумы еді. Одақтың төрағасы К. Шариповтың есепті баяндамасында журналистер ұйымының табыстарымен қатар кемшіліктері көрсетіліп жатты. Шығып сөйлеген делегаттар сөздерінің негізгі арқауы — газеттердің, әсіресе аудандық, облыстық газеттердің полиграфиялық базасының нашарлығы, баспасөз беттеріндегі сын мен өзара сынның төмендігі, партия тұрмысының жеткілікті баяндалмайтындығы, журналист мамандарының кәсіптік сапасының төмендігі, ақпарат қызметтерінің әлеуметтік жағдайы т.б. болды. Съезд бұл мәселелерді жақын арада шешуге қаулылар қабылдады, алайда аудандық, облыстық газеттердің полиграфиялық базасын журналистердің әлеуметтік жағдайын жақсарту шараларының пәрменділігі аз болды. Бұл мәселелерді шешудегі жұмыстар өте баяу ілгеріледі. Мұнымен қатар съезд «Коммунистік қоғам құрылысын кеңінен өрістету дәуірінің» «жеті жылдық жылдарындағы» Одақ мүшелерінің міндеттері белгіленді. Съезден кейінгі жылдары Одақтың секциялар бойынша жұмысы жандана түсті.

1960 жылдың мамыр айында Целиноград қаласында көп тиражды газеттердің «Ауыл шаруашылығы экономикасын баспасөз бетінде баяндауға» арналған семинар-кеңес, шілде айында Алматыда фототілшілердің семинары өткізілді. Журналистер одағының сол жылы (тамыз) ұйымдастырған үлкен іс-шараларының бірі — облыстық газеттердің үгіт-насихат бөлімдері меңгерушілерінің үш күндік семинары болды. Семинардың қатысушыларына «Қазіргі буржуазиялық идеологияға қарсы күрес», «КОКП Орталық Комитетінің қаулылары — идеологиялық жұмыстың жауынгерлік бағдарламасы» және т.б. тақырыптарда лекциялар оқылды. 1960 жылы республиканың 40 жылдығына арналған тұңғыш республикалық «Қазақстан жерінде» атты фотокөрме ұйымдастырылды. Бұл Қазақстан фотожурналистерінің өміріндегі айтулы оқиға болды. Көрме «Кеңестік Қазақстанның табыстары» фотоқұралдарымен көрсетілді.

1961 жылы Журналистер одағының басқарма фельетонистер мен карикатуристердің республикалық семинарын өткізді, онда аталған журналистік жанрлардың өкілдері тәжірибе алмасты. Осы жылдың қазан айында КОКП-ның XXII съезіне арналған екінші республикалық фотокөрме ашылды.

1962 жылдың 20-23 ақпан аралығында өткен Журналистер одағының II съезі ақпарат саласы қызметкерлерінің үш жылдық жұмысын қорытындылады. Одақ басқармасының төрағасы К. Шариповтың баяндамасында баспасөз бен радио қызметінде жұмысшы-село тілшілерімен жұмыстың жақсара түскені, оның дәлелі ретінде «газеттердің редакцияларында штаттан тыс бөлімдер, редакциялардың бөлімдерінде жұмысшы-село тілшілері мен авторлық кеңестер құрылып, редколлегиялар құрамына алдыңғы қатарлы жұмысшылар, мамандар, интеллигенция мен партия, кеңес және басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіргізілгендігі» [17; 33] аталып көрсетілді. Съезд Қазақстан журналистерінің алдында тұрған ең бірінші кезектегі міндет ретінде «КОКП съездерінің тарихи шешімдерін насихаттауды» белгіледі. Журналистік жанрларда «комунизмнің құрылысшыларының» бейнесі тартымды баяндалуы талап етілді.

1962 жылдың қазан айында Целиноград қаласында өткен жас очеркистердің республикалық кеңесі осы талаптардан туындады. Семинарға мәскеулік белгілі очеркист М.А. Величко арнайы шақырылып, ол «Біздің замандасымыз — коммунизм құрылысшысы» очерктік әдебиеттің геройы» тақырыбында баяндама жасады. Журналистер одағының басқармасы семинарды қорытындылай келе: жергілікті жерлердегі журналистік ұжымдарды — семинарға қатысушылармен шығармашылық кездесулер ұйымдастыруға кеңес берді.

Журналистер одағының басқармасы өздерінің мүшелерінен баспасөз беттерінде «социалистік жарысты» ұйымдастыруды, «сын мен өзара сынды» күшейтуді талап етумен болды. Осы мақсатта газеттердің жергілікті партиялық-мемлекеттік бақылау комитеттерімен тығыз байланысы қолдау тапты. Журналистер одағының жауапты хатшысы К. Сүлейменов 1963 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология бөліміне берген ақпарында «1963 жылы республикалық газеттерде партиялық-мемлекеттік бақылау комитетінің материалдары үшін арнайы 10 бет берілгендігін» [18; 17] хабарлады.

Одақ басқармасы 1964 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімімен бірігіп, аудандық газет редакторларының семинарын өткізді. Семинар аудандық газеттердің идеялық деңгейін көтеруге бағытталды. Аудандық газет редакторлары газеттердің мазмұны, безендіруін жақсарту тәжірибелерімен алмасты.

1965 жылы ұйымдастырылған республикалық семинар баспасөздегі партия тақырыбына арналды. Оған 140-қа жуық аудандық газет редакторларының орынбасарлары, облыстық, республикалық газеттердің партия өмірі бөлімдерінің меңгерушілері қатысты. Семинарда «Казахстанская правда» мен «Социалистік Қазақстан» газеттерінің бөлім меңгерушілері Н. Шевцов пен Т. Жұмағазиевтің «Партия өмірін жарқын да терең баяндайық», «Партийная жизнь Казахстана» журналының жауапты хатшысы В. Лариннің «Партия тақырыптарына арналған очерктер» атты баяндамалары тыңдалды. Семинарға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы С. Имашев қатысып сөз сөйледі. Семинарға қатысушыларға келелі кеңестер берілді. Баспасөз беттеріндегі партиялық тақырыптарды игеруді одан әрі тереңдетудің нақты шаралары көрсетілді.

1966 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Журналистері одағының III съезі өткізілді. Съезге Қазақстан журналистері үлкен дайындықпен келді. Бұл кезде Қазақстандағы барлық газеттер мен журналдарда, радио мен телеарналарда, баспаларда журналистердің бастауыш ұйымдарының құрылуы аяқталған еді. Қазақстан журналистерінің 1962 жылдан бергі жұмыстары қорытындылана келе, алдағы тұрған міндеттер белгіленді. Одақ мүшелерінің алдында «КОКП-ның XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолында» және «Ұлы Қазақстан революциясының 50 жылдығы» қарсаңында еңбек коллективтерінде «Социалистік жарысты» өрістетуге міндеттері тұрды. Осы мақсатта, 1967 жылы аудандық, облыстық, қалалық газеттер авторларының үздік фотосуреттері, очеркі және тағы басқа жанрлардағы шығармалары үшін конкурс ұйымдастырылды. Одақтың шығармашылық фото секциясы «Ленин Қазақстан туралы», «Каспийден Алтайға дейін» және т.б. фотоальбомдар даярлады. Онда негізінен «Кеңестік Қазақстанның табыстары» фотоқұралдармен бейнеленді.

1968 жылы Қазақстан Журналистері одағының мәжілістерінде: «Кеңес қарулы күштерінің 50 жылдығына дайындық жұмыстарының іс-шаралары», «Экономикалық реформа және газет», «Ауыл-село тілшілерімен жұмыс жүргізу комиссиясының жұмысы туралы», «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына дайындыққа орай Журналистер одағының III Пленумын өткізу туралы» мәселелер қаралды. Қаралған мәселелер бойынша журналистік жанрлардың пәрменділігін арттыру, кеңес қарулы күштеріне арналған мақалалардың санын көбейту, сапасын жақсарту, «ұлы көсем туралы» жазылған естеліктерді жариялау, экономикалық тақырыптарға ғалым-экономистерді тарту т.б. шаралар белгіленді.

1969 жылды Қазақстан Журналистері одағы КОКП Орталық Комитетінің «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына дайындық жұмыстары туралы» қаулысының рухында өткізді. Осы мақсатта 1969 жылдың 1 ақпаны мен 1970 жылдың 1 қаңтары аралығында Алматыда «Ильичтің өсиеттерімен» атты фотокөрме ұйымдастырылды. Журналистер одағының жергілікті партия ұйымдарының нұсқауларымен баспасөз беттерінде «КОКП-ның XXIV съезі шешімдерін жүзеге асырайық» атты рубрикалар белең алды.

Қорытынды

Сонымен, 1946–1970 жылдары Қазақстан Жазушылары мен журналистер одағы кеңестік идеологиялық талаптар аясында жұмыс жасағандығына қарамастан республика мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосты. Дүниетанымы соғыстан кейінгі «жылымық» жылдары қалыптасқан Қазақстан жазушыларының жаңа буыны «алпысыншы жылдықтар» отандық көркем мәдениет пен ойдың дамуын жаңа сатыға көтеріп ұлттық сананы нығайтты. Кеңестік жүйе шеңберінде жұмыс істей отырып, журналистер тоталитарлық қоғамдық сананың қалыптасуында айрықша роль атқарды. Журналистер одағы объективті түрде саяси жүйенің мемлекеттік пікірін, қоғамдық пікірде орнықтыру, қалыптастыруға қызмет етті. Соған қарамастан Журналистер одағы журналистердің кәсіби шеберлігін арттыруда елеулі шараларды жүзеге асырып отырды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Иовчук М.Г. Советская социалистическая культура: исторический опыт и современные проблемы / М.Г. Иовчук, Л.Н. Коган. — М.: Наука, 1979. — 208 с.
- 2 Лукин Ю.А. Художественная культура зрелого социализма / Ю.А. Лукин. — М.: Искусство, 1977. — 271 с.
- 3 Журавлев В.В. Мир художественной культуры / В. Журавлев. — М.: Мысль, 1987. — 237 с.
- 4 Каган М.С. Человеческая деятельность / М.С. Каган. — М.: Политиздат, 1974. — 328 с.
- 5 Мұқанов С. Толық шығармалар жинағы / С. Мұқанов. — Алматы: Жазушы, 1972. — 508 б.
- 6 ҚР ОМА. — Қ. 1778. — Тіз. 2. — Іс 11.
- 7 ҚР ОМА. — Қ. 1778. — Тіз. 2. — Іс 13.
- 8 ҚР ОМА. — Қ. 1778. — Тіз. 2. — Іс 32.
- 9 ҚР ОМА. — Қ. 1778. — Тіз. 2. — Іс 53.
- 10 ҚР ОМА. — Қ. 1778. — Тіз. 2. — Іс 78.
- 11 Есенәлиев М. Идеолог своего времени / М. Есенәлиев // Казахстанская правда. — 1995. — 21 марта. — С. 4–6.
- 12 Лизунова Е.В. Мухтар Ауэзов в воспоминаниях современников / Е.В. Лизунова. — Алматы: Жазушы, 1972. — 358 с.
- 13 Абжанов Х.М. Формирование и судьбы национальной интеллигенции / Х.М. Абжанов // Мысль. — 1993. — № 5. — С. 83–87.
- 14 ҚР ОМА. — Қ. 1778. — Тіз. 2. — Іс 601.
- 15 ҚР ОМА. — Қ. 1824. — Тіз. 1. — Іс 5.
- 16 ҚР ОМА. — Қ. 1824. — Тіз. 1. — Іс 4.
- 17 ҚР ОМА. — Қ. 1824. — Тіз. 1. — Іс 78.
- 18 ҚР ОМА. — Қ. 1824. — Тіз. 1. — Іс 99.

Т.Я. Сәтбай, Т. Жолдасұлы, А.Ж. Оразбақов

Деятельность Творческих союзов писателей и журналистов Казахстана в советской системе культуры (1946–1970 гг.)

Деятельность Творческих союзов Казахстана тесно связана с историей становления и развития советской цивилизации. В статье рассмотрена деятельность Союза писателей и журналистов в советской системе культуры. Несмотря на свою деятельность в рамках советских идеологических требований, вклад казахстанских писателей и журналистов в развитие общенациональной культуры огромен. Отмечается, что в 70–80-е годы XX века произошли позитивные тенденции и изменения, основное внимание стало уделяться качеству литературных произведений, профессиональной и творческой культуре писателей. Проанализированы особенности формирования феномена казахстанских «шестидесятников», творчество выдающихся ее представителей. Дана оценка организаторской и творчес-

кой работе Союза журналистов по повышению их профессионального, политического и культурного уровня в 1957–1970-х годах путем улучшения творческой деятельности журналистов, в ходе которого совершенствовались умения и навыки, пропагандировались лучшие литературные произведения.

Ключевые слова: творческие союзы Казахстана, советская культурная система, культурная политика, писатели, журналисты, казахстанские «шестидесятники».

T.Ya. Satbai, T. Zholdassuly, A.Zh. Orazbakov

The activity of creative unions of writers and journalists of Kazakhstan in soviet culture system (1946-1970yy.)

The activity of Creative unions in Kazakhstan is closely connected with the history of the formation and development of Soviet civilization. The article deals with the activities of Union writers and journalists in the Soviet system of culture. Despite their activities within the framework of Soviet ideological requirements, the contribution of Kazakh writers and journalists to the development of national culture is huge. It is noted that in the 70-80 years of the last century there were positive trends and changes, the main attention was paid to the quality of literary works of professional and creative culture of writers. The peculiarities of the formation of the phenomenon of Kazakhstan's "sixties", the creativity of its outstanding representatives are analyzed. The organizational and creative work of the Union journalists on improving their professional, political and cultural level in the 1957-1970s, during which they improved their skills and promoted the best literary works were evaluated.

Keywords: creative unions of Kazakhstan, Soviet cultural system, cultural policy, writers, journalists, "Kazakhstan sixties."

References

- 1 Iovchuk, M.G. & Kogan, L.N. (1979). Sovetskaia sotsialisticheskaia kultura: istoricheskii opyt i sovremennye problemy [Soviet socialist culture: historical experience and contemporary problems]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 2 Lukin, Yu.A. (1977). Khudozhestvennaia kultura zrelogo sotsializma [Artistic culture of mature socialism]. Moscow: Iskusstvo [in Russian].
- 3 Zhuravlev, V.V. (1987). Mir khudozhestvennoi kultury [World of Artistic Culture]. Moscow: Mysl [in Russian].
- 4 Kagan, M.S. (1974). Chelovecheskaia deiatelnost [Human activity]. Moscow: Politizdat [in Russian].
- 5 Muqanov, S. (1972). Tolyq shygarmalar zhinagy [Complete collection of works]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 6 QR OMA [Central State Archive of Kazakhstan]. — F. 1778. — L. 2. — C. 11 [in Kazakh].
- 7 KR OMA [Central State Archive of Kazakhstan]. — F. 1778. — L. 2. — C. 13 [in Kazakh].
- 8 KR OMA [Central State Archive of Kazakhstan]. — F. 1778. — L. 2. — C. 32 [in Kazakh].
- 9 KR OMA [Central State Archive of Kazakhstan]. — F. 1778. — L. 2. — C. 53 [in Kazakh].
- 10 KR OMA [Central State Archive of Kazakhstan]. — F. 1778. — L. 2. — C. 78 [in Kazakh].
- 11 Esenaliev, M. (1995). Ideolog svoego vremeni [Ideologist of his time]. *Kazakhstanskaia pravda — Kazakhstan truth*, March 21, 4–6 [in Russian].
- 12 Lizunova, Ye.V. (1972). Mukhtar Auezov v vospominaniakh sovremennikov [Mukhtar Auezov in the memoirs of contemporaries]. Almaty: Zhazushy [in Russian].
- 13 Abzhanov, Kh.M. (1993). Formirovanie i sudby natsionalnoi intelligentsii [Formation and fate of the national intelligentsia]. *Mysl — Thought*, 5, 83–87 [in Russian].
- 14 QR OMA [Central State Archive of Kazakhstan]. — F. 1778. — L. 2. — C. 601 [in Kazakh].
- 15 QR OMA [Central State Archive of Kazakhstan]. — F. 1824. — L. 1. — C. 5 [in Kazakh].
- 16 QR OMA [Central State Archive of Kazakhstan]. — F. 1824. — L. 1. — C. 4 [in Kazakh].
- 17 QR OMA [Central State Archive of Kazakhstan]. — F. 1824. — L. 1. — C. 78 [in Kazakh].
- 18 QR OMA [Central State Archive of Kazakhstan]. — F. 1824. — L. 1. — C. 99 [in Kazakh].